

ЖШС «Иштаев Е.А.» «Айгөлек+» жеке бөбекжайы

Ойын-сабак:

**«Көне заман көздері»
Ермексазбен құмыра жасау**

Тәрбиешілер: А.Құрметова

Тақырыбы: «Көне заман көздері»

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының көне тұрмыстық бұйымдарымен және ұлттық мұраларымен таныстыру, олардың атауы мен қолданылуы туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға қызығушылықтарын арттыру.

Өткізу форматы: Ойын-сабақ

Міндеттері:

Көне тұрмыстық бұйымдарды танып, атауға үйрету;

Танымдық қабілеттерін, сөздік қорын және есте сақтауын дамыту;

Ұлттық мәдени мұраға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Сандық, бесік, домбыра, торсық, кебеже, ожау, келі-келсап, камшы сияқты ұлттық бұйымдардың суреттері немесе макеттері.

Сабақ барысы

1. Шаттық шеңбері

Күн сәулесін шашады,

Жылуын бізге төгеді.

Бірге күліп, бірге ойнап,

Жаңа білім үйренеміз.

2. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші балаларға ұлттық бұйымдарды көрсетеді.

– Балалар, бұл қандай заттар?

– Бұларды біздің ата-әжелеріміз пайдаланған.

– Бүгін біз көне заманнан жеткен асыл мұралармен танысамыз.

3. Негізгі бөлім

«Бұл не?» ойыны

Балалар суреттегі немесе қолындағы бұйымның атауын айтып, оның не үшін қолданылатынын табады.

«Тап та, орналастыр» ойыны

Балалар көне бұйымдардың суреттерін киіз үйдің ішіндегі тиісті орнына орналастырады.

«Жасырынған затты тап» ойыны

Тәрбиеші сипаттама береді, балалар қай бұйым екенін табады.

4. Сергіту сәті

Домбыраны қолға алып,

Күй төгейік шаттанып.

Баба жолын дәріптеп,

Өнерменен мақтанайық.

5. Қорытынды

Бүгін қандай көне бұйымдармен таныстық?

Саған қай бұйым ұнады?

Неліктен ұлттық мұраларды сақтауымыз керек?

Тәрбиеші балаларды белсенді қатысқаны үшін мадақтайды.

Күтілетін нәтиже

Балалар көне тұрмыстық бұйымдардың атауын біледі;

Олардың қолданылу мақсаты туралы қарапайым түсінік қалыптасады;

Танымдық қызығушылығы мен сөздік қоры дамиды;

Ұлттық мұраға деген құрмет сезімі қалыптасады.

Ұраны:

«Өткенін құрметтеген ұрпақтың болашағы жарқын!»